

## Күшейтпелі шырай

Күшейтпелі шырай бір заттың бастапқы сынын, белгісін күшейтіп, асыра көрсетіп тұрады. Ол, біріншіден, күшейтпелі буын арқылы жасалады. *Жап-жасыл* жер жүзінің қоштығына, Аспанда торғай шарлап еткен сайран (Шәңгерей). Жылтырап таралған шашы *қап-қара* қалың өріммен ерекше аппақ нәзік мойнына қарай құлай түсіпті (Әуезов). *Топ-толық* қызыл шырайлы, қарақат көзді Кәмшат қазір шөлмектей болып қалыпты (Әуезов).

Тек *ақ*, *көк* сөздері күшейткіш буын үстелгенде *аппақ* (ап-ақ емес), *көкпеңбек* (көп көк емес) болып бірігіп жазылады. Мысалы: Қар *аппақ*, бүркіт қара, түлкі қызыл. Ұқсайды қаса сұлу шомылғанға (Абай). Көл *көкпеңбек* болып жалтырап жатыр (Бақбергенов).

Екіншіден, белгінің күшейтпелі реңкі *өте*, *аса*, *ең*, *тым*, *тіпті* т.б. күшейткіш үстеулердің тіркесуі арқылы да жасалады. Алды тар, ашуы о жар, екпін екен, Жіберген жарлығы *тым* өткір екен (Жансүгіров). *Ең ыстық*, *ең тәтті* кенжесі Мағжан - бәрі де Ділдәнің бауырында өскен (Әуезов). Қарабай Құнанбайға *аса бір салқын* зілмен сөйледі (Әуезов). Арғымағы болса да арық *тіпті*, Аламанда әйтеуір жарып шықты (Мырзалиев).

Күшейткіш үстеулердің тіркесуі арқылы жасалатын бұл шырай түрі кей еңбектерде асырмалы шырай деп аталып, жеке шырай түрі ретінде де көрсетілген болатын. С.Исаев 2002 жылы жарық көрген «Қазақ грамматикасында» «асырмалы шырай деп аталатын шырай түрі де күшейтпелі мәнді білдіреді» дей келе, күшейткіш буын арқылы және күшейткіш үстеулер арқылы жасалатын шырай түрлерін біріктіріп, екеуін де күшейтпелі шырайға жатқызады.